

## БӨЛІМ: ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ

## Университеттердің пайда болу алғышарттары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
11.10.2022СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/126386/

## Университеттердің пайда болу алғышарттары

Қазіргі таңда көптеген адамдар әлемдегі алғашқы университет 1088 жылы құрылған Болон университеті болғанына сендіруге тырысады. Алайда, іс жүзінде алғашқы университеттер Еуропада да пайда болған жоқ. Бір қызығы, әлемдегі алғашқы университет Шығыста пайда болды. Әл-Қарауин- атты жоғары оқу орны 859 жылы құрылды, яғни Болоннан екі жарым ғасыр бұрын.

Мұның бәрі араб меценаты Фатими аль-Фахридың мешітте барлығына тегін білім беруімен басталған болатын. Ол атақты көпестің қызы еді. Сол мешітте білім алуға құмар болғандар барынша оқып, жазуға үйренген. Көп ұзамай құрылған мешіт өзінің үлкен кітапханасы бар үлкен ғылыми-білім беру орталығына айналды, онда Аристотельдің араб тіліне аудармалары, философ Ибн Рушдтың жазған түсініктемелері бар. Кітапханада сол күндері халықаралық саудада өте маңызды болған Киелі кітаптың араб тіліне аудармалары да бар [44].

Ең алғашқы университеттердің іргесі Кәрі құрлықта XI ғасырда қалана бастаған. Бірақ алғашқы университеттің отаны Еуропа емес. 970 жылы Каирде (Мысыр) ашылған Әл-Азхар – тарихтағы ең алғашқы университет.

Еуропалық университеттер монастрлық мектептерден бөлініп, дамуы ұзақ уақытқа созылды, сондықтан олардың алғашқы негізі қаланған кезеңін дәл анықтау мүмкін емес.

Батыс Еуропа университетінің ұзақ тарихы бар. 1088 жылы құрылған Болон сияқты алғашқы университеттер орта ғасырларда пайда болды. XIX-XX ғасырларда Еуропалық университеттер ғылым мен ғылыми зерттеулерге назар аударды, дәл осы уақытта олардың құрылымы мен идеялық мазмұны заманауи көрініске ие болды. Бастапқыда университеттер көбінесе күрделі мектептер негізінде пайда болды және рухани білім беру жүйесіне кірді. Олардың міндеттері бірқатар мамандарды даярлауда (философия, теология, құқық және медицина бойынша), сондай-ақ ғылыми еңбектерді зерттеуде, қоғамдағы білім деңгейін көтеруде және студенттерді өз бетінше ойлауға және зерттеу жүргізуге оқытуда болды [45, 87 б.].

Шығыс мемлекеттері ерте ортағасырлық дәуірде (VII-XI ғғ.) экономикалық және мәдениет дамуы жағынан Еуропадан айтарлықтай алда болды. Егер Бируни Птолемей еңбектерін аударса, Жер радиусын анықтаса, әлемнің гелиоцентрлік жүйесі жайлы ойланып-толғанса, Еуропада Жердің жазық күлше сияқты екендігі және хрусталь қалпақпен жабылған және мұхитпен белдеуленбеген деген аңғырт ұғым үстем болды.

Бірақ X ғасырдың өзінде Еуропа мен Шығыс мемлекеттерінің экономикалық және мәдени байланыстары дами бастады. Қолөнердің және сауда-саттықтың дамуы экономика мен мәдениеттің гүлденуіне себеп болды. Алғашқы университеттер пайда бола бастады, бірінші Испанияда, одан кейін Италияда, сосын Париж бен Англияда. Ортағасырдағы Еуропа университеттері қазіргі университеттерден айтарлықтай ерекшеленеді, бірақ біздің уақытымызға дейін доктор және магистр ғылыми дәрежелері, профессор және доцент атақтары, білімді жеткізудің негізгі формасы лекциялар, университеттің бөлімшелері сияқты ұғымдар – факультеттер сақталған. Лекциялар (тура оқу) ортағасырдағы университетте білімді жеткізудің негізгі түрі болды. Кітаптар аз және олар қымбат болды, сондықтан діни және ғылыми еңбектерді оқу мен оларға түсініктеме беру ақпараттың маңызды түрі болып саналады [46, 186 б.].

Сабақ беру латын тілінде жүргізілді. Латын тілі XVII ғасырға дейін халықаралық ғылыми тіл болды, Коперник, Ньютон және Ломоносов еңбектерін осы тілде жазған. Әлі күнге дейін еуропалық университеттерде мерекелік құттықтау сөздер латын тілінде оқылып, дипломдар латын тілінде жазылуда. Салтанатты іс-шараларда профессорлар ортағасырлық докторлық мантия мен бас киімдерде келеді. Алғашқы университеттер жайлы ескерткіштерді қазіргі ғылым осылай сақтап келеді. Бұл ғылыми прогрестің алғашқыларының бірі болды.

Еуропадағы алғашқы университеттердің пайда болу себептері Еуропада алғашқы университеттер жеке ғалымдардың қалауы ретінде пайда болған жоқ. Бұған қоғамдағы елеулі өзгерістер ықпал етті. Батыс Еуропадағы алғашқы университеттердің пайда болуының алғышарттарын мыналар деп атауға болады:

- Монастырь мектептері бере алмайтын мамандарға деген қажеттілік;
- Liberal Arts білім беру моделінің негізін қалаған жеті классикалық өнер мен ғылымның дамуы;
- Қолда бар білімді сақтап, оны көбейту ниеті; академиялық дәстүрді қалыптастыру және дамыту. Осы себептердің барлығы жаңа институттар құру және білімнің әртүрлі салаларында мамандар даярлау қажеттілігін анықтады [47 66 б.].

Еуропадағы алғашқы университеттер Рим Папасының тікелей қамқорлығында болды. Ресми мойындағысы келген қауымдастық өкілдері оған жүгінді. Оң шешіммен папа оларға папа бұқасын берді. Бұл қауымдастық мемлекет пен жергілікті шіркеуден

жоғары «университет» және автономия мәртебесін алады дегенді білдіреді. Мемлекеттік биліктен Тәуелсіздік университеттерге өз заңдарын орнатуға мүмкіндік берді. Мұндай алғашқы институттардың көпшілігінде демократия мен еркіндік орнады — студенттер мұғалімдер мен декандарды өз бетінше таңдай алды. Егер қауымдастық діни мектептің айналасында ұйымдастырылса да, онда да еркін көзқарастар болды.

Ғылымның кемелденуінің басқа алғы шарты техниканың дамуы болды. Механикалық сағаттар, көзілдірік, кітап басу, қағаз өндіру жаратылыстану дамуында үлкен рөл ойнады. Өркениет дамуында компас айтарлықтай көп рөл атқарды, оның тарихы ежелгі Қытайдан бастау алған. Араб теңізшілері XII ғасырдан бастап компасты пайдалана бастады. Еуропаға компас XII- XIII ғғ. келген [48].

Антикалық ғылыми мұрағатпен танысу – ғылыми прогрестің үшінші алғышарты болды. XII ғасырда Архимед, Птолемей және басқа да грек ғалымдарының еңбектерінің латын тіліндегі аудармалары пайда бола

бастады. Сол кезде шығыс ғалымдары Хорезм мен Алхазеннің аудармалары шықты.

Университеттерде схоластикалық ғылым антикалық ұстанымға негізделген. Шындық – қасиетті кітаптарда және діни беделділердің еңбектерінде жарияланған, ғалымдардың парызы – осы шындықты зерттеу мен түсініктеме беру болды.

Мұндай жағдайда ғылымның дамуы қиын болды. Еркін, дербес ойлар аяусыз жаншылды. Бұл дәуір тарихқа «тоқырау кезеңі» деген атпен келді. Бірақ, бұл уақытта да білімнің жаңа жолдарын іздеген адамдар өмір сүрді және жұмыс жасады. Мысалы, танымал монах Роджер Бэкон (1214-1294жж.) сондай адам болған. Бэкон Англияда, Сомерсет графствосында дүниеге келген, Оксфорд және Париж университеттерінде оқыған. Оның ойынша ғылым қатал дәлелдер мен теориялық қорытындылармен дәлелденген нақты тәжірибелер негізінде құрылуы қажет. Бэкон тәжірибенің үлкен мәнін нұсқаумен шектелмеді. Ол тәжірибе жасаудан жалықпаған және өзі химиялық, физикалық, оптикалық эксперименттер жіне астрономиялық бақылаулар жасаған. Бэкон камер-обскур әдісін білген және кемпірқосақ құбылысын түсіндіруде бір қадам алға жылжыды [49].

Бэконның кіші замандасы поляк Вителло (шамамен 1230 ж. туылған) XIII ғасырдың 70 – жылдары жазылған оптикадан «Перспектива» кітабының авторы болған. Ол да кемпірқосақты зерттеп, оның жеке су тамшыларынан сынған сәулелерден пайда болады деген тұжырымға келген. Жаңбырлы тамшыдағы жарықтық сәуле кемпірқосақтың пайда болуына алып келетіндігін монах Дитрих Фрейбургский дұрыс сипаттаған.

XIII ғасыр рухани өмірдің жандануын сипаттайды (бейнелейді). Бұл ғасырда Бэконнан басқа белгілі дін мамандары Фома Аквинский; Вильгельм Оккам; Роберт Большеголовый; рыцарь Пьер Перегриндер өмір сүрді және жұмыс жасады [50].

XIV ғасырда реакция басталады. Шіркеу тарапынан «дінбұзарлық» үшін күрес басталды. Білім алу айыпты болып, Николай Коперниктің әлемде атомдардың үйлесуінен және бөлінуінен басқа ештеңе жоқ деп айтылған еңбегі өртелді. Ол өзінің ілімінен бас тартуға мәжбүр болды. Танымның – ғылыми және құдіретті деген екі түрінің мүмкіндіктерін жақтаған Вильгельм Оккамды да шіркеу айыптады. Бірақ XIV ғасырда да өмір бір орында тоқтап қалған жоқ. Техниканың дамуы жалғаса берді, Париж, Германия, Мәскеуде мұнаралардағы сағаттар пайда бола бастады. 1440 жылы Иоганн Гуттенберг (1400-1468 жж.) әріптері бөлек кітап бастырушылықты ойлап табады. Өркениет пен ғылым дамуының жаңа дәуірі келді.

XVIII ғасырға қарай университеттер өздерінің ғылыми журналдарын жариялады. Университеттің екі негізгі моделі жасалды: неміс және француз. Неміс моделі Вильгельм Гумбольдт пен Фридрих Шлейермахердің идеяларына негізделген; университет академиялық бостандықтарды, зертханаларды қолдайды және семинарлар ұйымдастырады. Француз университеттерінде қатаң тәртіп басым, әкімшілік қызметтің барлық аспектілерін бақылайды. XIX ғасырға дейін еуропалық университеттерде дін сабақтың маңызды бөлігі болды, бірақ XIX ғасырда оның рөлі біртіндеп төмендеді. Университеттер ғылыми зерттеулерге шоғырланды, ал ғылыммен айналысуға жақсы бейімделген неміс моделі уақыт өте келе бүкіл әлемде французға қарағанда кең таралды. Сонымен қатар, жоғары білім халықтың көпшілігіне қол жетімді болды [51].

Еуропадағы университеттер XII және XIII ғасылар аралығында пайда болғанында күмән жоқ. Бұл тұжырымды алдымен бүкіл Еуропаға, кейін күллі әлемге тараған университет моделінің бастауы деп қарастырамыз.

Ерте орта ғасырларды кейде «қара ғасырлар» деп атайды. Бұл уақытта грек мәдениетінің құлдырауы орын алады, физикалық білімнің жас өскіндері өледі және ғылымның өзі ұмытып кетеді. V–X ғасырларда Батыс Еуропада ұйқысыз надандық орнады. Шаруалар арасында ғана емес, дворяндар арасында да сауатты адамдарды табу мүмкін болмады. Көптеген рыцарлар қолтаңбаның орнына қарапайым крест қойды. Өмірінің соңына дейін Франк мемлекетінің негізін қалаушы, әйгілі Карлем жазуды үйрене алмады.

XII-XIII ғасырлардан бастап Еуропада технологиялар дамуының күрт өсуі байқалды және өндіріс құралдарындағы инновациялар саны артты. Бір ғасырдан аз уақыт ішінде алдыңғы мың жылға қарағанда көбірек өнертабыстар жасалды. Зеңбіректер, көзілдіріктер, артезиан ұңғымалары ойлап табылды. Шығыстан Еуропаға зеңбірек, Жібек, компас және астролаб келді. Кеме жасауда үлкен жетістіктерге қол жеткізілді. Сонымен бірге ғылым мен медицина бойынша көптеген грек және араб еңбектері бүкіл Еуропаға аударылды және таратылды [52].

Өсіп келе жатқан қалалар мен күшті мемлекеттерге білімді адамдар көбірек қажет

болды. Жоғары мектептер құру кезегі келді, университеттер түрінде ұйымдастырылған Кәсіптік оқыту пайда болды.

Ортағасырлық университеттердің қалыптасуы ортағасырлық өмірдің барлық факторларына сүйенді. Олар шіркеумен байланысты болды. Себебі, университеттер өздерінің негізгі басшысы ретінде папаны мойындады. Одан әрі университеттің пайда болуына серпіліс берген шіркеу мектептері болды. Ал діни факультеттер шіркеу ілімінің орталығына айналды. Өзінің коллегиялды құрылымы жағынан университет күшейіп келе жатқан мемлекеттің қуатты сүйеніш құралына айналып, осының көмегімен билік кейіннен білімділікке ие болады. «Хроникаларды қарасаң, Оксфордта шайқас болғанда, бірнеше айдан соң бүкіл Англияда дау болғанын көресің» деген Оксфордтан шыққан мына бір нақыл сөз қоғам өміріндегі университеттердің орнын көрсетеді. Университеттер бүкіл христиан әлемінде мойындалатын дәрежелерді тарата отырып, әртүрлі еуропалық халықтар арасындағы ақыл-ой қатынастарын дамытты және мәдениеттің дамуына әсерін тигізе алды [53].

XII ғасыр Еуропа тарихындағы маңызды меже болып табылады. Бұл уақытта бірқатар алдыңғы қатарлы мемлекеттерде ауыл шаруашылығынан қолөнердің бөлінісі орын алған болатын. Қарқынды дамыған қалаларда техникалық жетістіктер орын алып, тауар өндірісі мен ақша айналымы қалыптасады.

Осы ретте Батыс Еуропадағы университеттік білімнің дамуының алғышарттарына мұсылмандық медреселердің де ықпалын айтып өткен жөн. Ағылшын зерттеушісі Монтгомери Уотт «1100 жылдан шамамен 1350 жылдар аралығында еуропалықтар мәдени және интеллектуалды жағынан арабтардан кем болғанын» айтып, бұл мәселеге өзіндік бағасын береді. Американдық ғалым С. Кобб XX ғасырда ислам өркениетінің әлемдегі үлесін зерттеуді тарихтағы «аңтаңдақ» деп атап, «Исламның батыс білім беру жүйесі мен өркениетіне әсері зерттелмеген. Бұл батыс дамуына жасаған ислам мәдениетінің позитивті үлесін бағалауға кедергі келтіріп отыр» дегені мәлім [54, 64 б.].

Еуропа жеріне ислам мәдениетінің ерекшеліктері Испания арқылы енді. «Ислам мәдениетінің алдында өз шарықтау шегіне жету үлесі тұрды. Алайда, ол Азияда немесе Африкада да емес, Еуропалық Испанияда жүзеге асты», - деген болатын Георг Макдиши. Испания арқылы мұсылмандық мәдениет Италияға жетті. Мысалы, еуропадағы ең көне жоғарғы мектеп Италиядағы Салерно университеті ислам медресесінің әсер етуімен пайда болды. Болондағы, Париждегі, Монпольедегі және Оксфордтағы жоғарғы мектептер XII ғасырдан кейін, яғни ислам медреселерінен кейін көптеген ғасырлардан соң құрылды.

XII ғасырда қалалар мен мемлекетке білімді адамдар көптеп қажет бола бастады. Соттар мен шенеуніктер, дәрігерлер мен мұғалімдер қажеттілігі туындады. Мектептерден өскен жаңа түрдегі мекемелер құрыла бастайды. Бұл мекемелер

университеттер болатын.

Севилья, Париж, Тулуза, Неаполь, Кембридж, Оксфорд, Валенсия, Болон университеттерінің негізі XII-XIII ғасырларда қаланды. Упсала, Копенгаген, Росток, Орлеан университеттері XIV-XV ғасырларда пайда болды. Осылайша, еуропалық университеттің қалыптасу кезеңдері туралы айтқанда, ол төменгі, бастапқы деңгейдегі мектептердің, яғни монастырьлық мектептер, соборлық мектептер, капитуляр мектептері мен қала мектептерінің, яғни жергілікті биліктің (шіркеулік немесе зайырлы билік) мүддесіне негізделіп құрылған оқу орындарының тікелей жалғасы ретінде пайда болды деуге болады [55].

Рим империясы кезінде Пестан бұғазының түбіндегі Салерн қалашығы өзіндік демалыс орны болған. IX ғасырда ол лангобардтар корольдігінің астанасы болып, XI ғасырдан бастап норман герцогы Робер Гюискардың резиденциясына айналды. 820 жылы қала қаржатымен салынған госпиталь негізінде Батыс Еуропадағы ең алғашқы азаматтық аурухананың негізі қаланды. Осы ауруханадан бастама алған Салерно медициналық мектебі білім берудің ірі ошақтарының бірі ретінде 1812 жылға дейін белгілі болған. Университетте Гален мен Гиппократтың физиологиясы мен ағзаға физикалық әсер ету идеяларының негізі оқытылды.

Бұл уақытта қаланың жаңа түрі феодалдық қалалар пайда болып, өзгерістер Еуропада түбегейлі мағынаға ие болды. Сауда мен қолөнер құқықтық негізделуге мұқтаж болды. Феодалдық қалада сауда және меншік құқығы дамытылды, жеке меншік түсінігі айқын тұжырымдалды, тауар-ақша шаруашылығына сәйкес келетін құқықтық жүйе пайда болды. Рим құқығының «қайта жаңғыртылуына» және өз саяси әрекеттерін ақтау мен қорғау үшін король билігі де құқықтың дамуына мүдделілігін білдірді. Мысалы, XI ғасырдың аяғында Болон қаласында рим құқығының білгірі Ирнерий заң білімінің мектебін қалыптастырды. Уақыт өте келе бұл мектеп Болон университетіне айналды [56, 37 б.].

Жаратылыстану проблемаларын дамыту орталығы, математика біртіндеп Батыс Еуропаға көшірілді. Христиандар мұсылмандардан аумақты жаулап алды және. Бір кездері грек тілінен араб тіліне аударылған ежелгі ойшылдардың еңбектері араб тілінен латын тіліне, еуропалық тілдерге аударылған, бұл, сайып келгенде, Батыс өркениетін эллиндік негізде қайта жандандырудың алғышарттарын жасады. Арабтармен байланыс және сол кездегі экономикалық қызметтің гүлденуі көптеген Еуропа елдерінде интеллектуалды оятуға әкелді, сондықтан орталық математика, жаратылыстану мәселелерінің дамуы Еуропаға өтеді. Бұл Еуропада білімді таратуға және кеңейтуге қызмет ететін жоғары оқу орындарының пайда болуына әкелді. Жаңадан ашылған университеттер Араб университеттерінің дәстүрлерінің мұрагері болды.

Ортағасырлық Еуропада университеттердің пайда болуымен ғылыми қызмет

шоғырлана бастайды онда ғалымдардың зерттеулері де жалғасуда феодалдық билеушілердің соттары. Университеттің ғалымы мен профессоры туралы ұғымдар сәйкес келді. Бұл ретте университет профессорының негізгі міндеті оқыту және ғылыми қызмет тек практикалық еркіндіктің жеке бастамасы бойынша жүргізілді шығармашылық. Мұндай атмосфера Еуропада құрылған алғашқы университеттерде орын алды: Болон және Парма (XI ғ.), Оксфордта (1167), Салерно (1173), Монпелье (1180), Парижде (1200), Кембридже (1209), Саламанкада (1812), Ареццо (1215), Падуа (1222), Неаполь (1224), Тулуза (1229), Лиссабон (1229) және т. б. [57, 53 б.].

Қалалардың, қолөнер мен сауданың дамуына байланысты XIV-XV ғасырларда орын алған географиялық жаңалықтарды ашты, жаратылыстану ғылымдары саласында да (физика, астрономия және т.б.), гуманитарлық ғылымдар саласында да (экономикалық) ғылыми зерттеулерге деген қызығушылық арта түсті. Дәл осы тарихи кезеңде жаратылыстану жаңа ғылымның әдістерін жасауға жақын келді. Рухани және мәдени өмір біртіндеп жеңіл бола бастады.

XIV ғасырда мәдениет, ғылым және философия саласындағы бұл қозғалыста маңызды рөл атқарды. Мысалы, Гренобльде (1339), Прагада (1348), Флоренцияда (1349), Краковта (1364), Венада (1365), Гейдельберг (1381), Кельн-на-Рейнде (1388), Будапештте (1385), Эрфуртта (1378), Лейпциг, Марсельде (1409), Канн (1432), Братислава (1467), т.б. аумақтарда ғылыми орталар мен ордалар бой көтере бастады [58, 56 б.].

XV ғасыр басында Еуропадағы студенттер 65 университетте білім ала алды, ал ғасырдың соңында олардың саны 79-ға жетті. Олардың ішінде ең танымал: Париж, Болон, Кембридж, Оксфорд, Прага, Краков. Олардың көпшілігі бүгінгі күнге дейін бар, өзінің бай тарихымен және ескі дәстүрлерді мұқият сақтай отырып, лайықты түрде өз қызметтерін жасауда.

Прага университеті, Карлов университеті — бірінші және алғашқы славян университеттері болып табылады; императорлық Римде IV Карл кезінде сол аумақтарды білім ордаларын құрды.

Ян Гус Прага университетінің ректоры болып екі рет сайланды (1402-1403 және 1409-1410 жж.) және Гуситтік революциялық қозғалыс кезінде университет ұлт-азаттық және анти-католиктік күрестің орталығына айналды. Краков университеті (Ягеллон университеті) Орталық Еуропадағы алғашқы мемлекеттік университеттердің бірі болды, ол Париж университетінің үлгісімен көптеген кіші қалаларда құрылды.

Швейцариялық зерттеуші Уолтер Рюэггтің пікірінше, университет таза еуропалық әлеуметтік және интеллектуалдық құбылыс деп саналуы керек. Орта ғасырларда университет қоғамдастығының XX ғасырдың соңына дейін сақталған маңызды белгілері салынды: академиялық бостандықтар, оқу бағдарламаларын әзірлеу және стандарттау, оқыту мен ғылыми-зерттеу қызметінің үйлесімі, әмбебап және жалпыға міндетті

сипаттағы ғылыми дәрежелер беру құқығы. XIX ғасырда терең өзгеріске ұшыраған Еуропалық университеттің моделі әлемнің көптеген елдерінің білім беру жүйелерімен қабылданды [59].

Кейде университеттер орта ғасырларда өмір сүрген Византия және араб-мұсылман жоғары оқу орындарының жалғасы деп аталады. Олардың құрылымы мен оқу пәндері кеш антикалық деңгейге көтерілді, бірақ әр кезде олардың еуропалық пәндерден айырмашылықтары айтылады.

Ортағасырлық университеттерді ұйымдастыру формалары классикалық ежелгі дәуірде де, Византияда да ұқсас болған жоқ. Колледж моделі Орталық Азиядан шыққан деген болжам бар. Ортағасырлық схоласттардың рекурсивті әдісті игеруі «XIII ғасырдың ғылыми революциясына» алып келді және еуропалық ғылымның қалыптасуында маңызды рөл атқарды.

Бүкіл Еуропада сот юрисдикциясы әсер еткен жағдайда университет құру үшін ғалымдар шеберханасы жоғары меценатты қажет етті, XII ғасырда — Рим Папасы, бүкіл христиан Батыстың шіркеу басшысы және зайырлы билікке қатысты бірдей рөл атқаратын Қасиетті Рим императоры ең негізгі билікке ие болды. Бұл императорлар мен папалар алғашқы университеттерге артықшылықтар берді, бұл оларды ортағасырлық басқа бірлестіктерден қарағанда маңызын күрт арттырды. Алғашқы университеттердің корпорациясын құру процесі ондаған жылдарға созылды, оларға артықшылықтар беру де ұзақ болды. П. Морау «университеттің ең дәл және қарапайым анықтамасы» артықшылықты ғылыми корпорация ұғымы болады деп атап өтті [60, 203 б.].

В. Рюеггтің пікірінше, университеттер тарихында бұл ең қарқынды зерттеулерге ұшыраған ортағасырлық кезең, бірақ үйлесімді әрі нақты объективті олардың қалыптастыру барысын қарастыруға тым ерте.

Соған қарамастан, XX ғасырдың екінші жартысында көптеген құжаттар жинақтары, сонымен қатар 1500 жылға дейін жұмыс істеген ең ірі университеттердің оқытушылары мен түлектерінің өмірбаяндары туралы анықтамалықтар, ең алдымен Париж, Оксфорд және Орлеанда жарық көрді [60, 28 б.].

Өз кезегінде Нидерланд зерттеушісі А. Терворт 2005 жылы университеттердің толық зерттеу объектісіне арналған жинақтың шығаруылында көп еңбек етті.

1977-1981 жылдары «The History of European Universities. Work in Progress and Publications», Дж. Флетчер редакцияның төрағасы ретінде ортағасырлық университеттер тарихының әртүрлі мәселелері бойынша қазіргі библиографиялар әр түрлі басылымдарда, соның ішінде 1500 жылға дейінгі кезеңге арналған көп томдық «университет тарихы» жарияланды.

Мерзімді басылым мәртебесі берілген «History of Universities» халықаралық

жарияланымдар сериясы шығарылады. Нидерландыда 1983-2007 жылдары Batavia Academica және nieuwsbrief Universiteitsgeschiedenis мерзімді басылымдары шығарылды [61].

1968 жылдан бастап Падуа университетінің тарих орталығы Quaderni per la storia dell ' Università di Padova журналын шығарады. 1978 жылдан бастап Францияда histoire de l ' éducation журналы шығарылады, онда университеттердің тарихы үлкен орын алады.

А. Терворт сонымен қатар 1888 жылы Болон университетінің 800 жылдық мерейтойына орай басталған «мерейтойлық» зерттеулерін жүргізді, бұл тек итальяндық емес, сонымен қатар Орта ғасырдағы неміс университеттерінің тарихы туралы көптеген бастапқы көздер мен монографиялардың жариялануына әкелді.

1895 жылы ағылшын утилитарист — философы Хастингс Рэшдаллдың «Университеттер тарихы» атты іргелі екі томдық кітабы (екінші том-екі бөлікте) жарық көрді. Рэшдаллдың кітабы сұранысқа ие оның ішінде 2010 жылдары және үнемі басылып шығып отырады [62].

XX ғасырдың аяғына дейін университет тарихында ғалымдарды негізінен ғылыми және білім беру институттарының даму тарихы мен зияткерлік тарихы қызықтырды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін марксистік тарихнаманың ықпалымен 1955 және 1960 жылдары шыққан Болондағы швейцариялық студенттер туралы Свен Стеллинг-Мишоның негізін қалаушы зерттеулерімен басталған университет корпорациясының әлеуметтік тарихына көп көңіл бөлінді. Ренессанс гуманизмінің дамуы және оның университеттік ортамен байланысы мен өзара әрекеттестігі туралы мәселе өте күрделі және пікірталас тудырады.

Университеттер тарихы әр кезеңдеде ғалымдардың қызығушылығын әр түрлі мәселелер бойынша арттырып отырған. Ортағасырлардағы университеттердің пайда болуы сол кезеңдегі қоғамдық сұраныстарға ие бола отырып пайда болды. Сонымен қатар, сол кезеңдегі қоғамға өзінің әсерін барынша тигізе алды. Білім алу жүйесінің реформасын жасамас бұрын ең алдымен өткенге көз жүргірітіп, қарастырған жөн деп есептейміз [62].

Қорытындылай келе, университеттердің құрылуы социумның дамуымен тығыз байланыста деуге болады. Ортағасырлар тарихының басталуымен, қоғам өмірінде үлкен өзгерістер орын ала бастады. Ежелгі дәуірден бастау алған білім мен ғылымның дамуы ортағасырлар да өз жалғасын тапты. Осылайша ең үлкен өзгерістер ең алдымен Шығыста басталып, кейіннен Еуропа елдеріне қарай ауысты. Бұл өзгерістер университеттердің құрылуымен тығыз байланыста болды. Шығыстағы «мұсылмандық ренессанс» дәуірі алғашқы университеттердің құрылуына жол ашты. Кейіннен бұл Италиядан бастап, Англия, Франция, Германия, Швеция, Шотландия, Португалия сынды мемлекеттерге тарап, жоғарғы оқу орындарының құрылуына алып келген болатын.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.